



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«Международные стандарты учета и аудита: ключевые
изменения и нюансы перехода в условиях цифровой
экономики»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 17 февраля 2023 г.**

Астана



УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

PhD, доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заместитель заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН,
кандидат экономических наук Сорокина Л.Н.

П78 «Международные стандарты учета и аудита: ключевые изменения и нюансы перехода в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 17 февраля 2023 г. – Астана: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2023. – 522с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 17 февраля 2023 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2023
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2023
© РУДН, 2023

ISBN 978 601 337 121 4



Реформаға дейінгі қабылданған құқықтық хаттамалар еңбекке деген қызығушылықты арттыру үшін тарифтік жүйе арқылы жалақыны мемлекеттік реттеуді және қызметкерлерге бонустарды біріктіру қажеттілігіне негізделді.

Шаруашылық жүргізудің капиталистік негіздеріне көшу кезеңінде еңбек нарығы басталды, бұл жұмыс күшінің тауарлық сипатын тануға әкелді. Бұл еңбекақыны ұйымдастырудың негізіне тек еңбек шығындары мен нәтижелерін есепке алу ғана емес, сонымен қатар нақты кәсіптік және жоғары білікті бейіндегі еңбекке сұраныс пен ұсыныс кіруі керек екенін көрсетті.

Жоспарланған қолайсыз іс-әрекет бағыты стратегия туралы қате түсініктердің нәтижесі және оны ұйымдастыру мен реттеудің әсері болды. Экономикалық реформалар басталған кезде мемлекет бұл процеске араласпайды деп жоспарланған болатын. Өткен кезеңдерде анықталғандай, бұл адасушылық. Бұл барлық экономикалық тенденцияларды өзін-өзі реттеуге және мемлекетті осы процестерді үйлестіруден барынша босатуға негізделген нарыққа өтудің жалпы идеясының бөлігі болды.

Қалыптасқан жағдайдан шығу процестерінің жоспары еңбекақының негізгі функцияларын – репродуктивті, ынталандырушы және тұрақтандыруды қалпына келтіруге бағытталуы керек. Бұл еңбекақының ынталандырушы рөлінің күшеюіне себепші болады. Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайында еңбекті ақшалай ынталандыру және еңбекақыны ұйымдастыруды реформалау мәселелері басымдыққа ие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асалиев А. М. Экономика труда: Учебное пособие / А.М. Асалиев, Г.Г. Вукович, Л.И. Сланченко. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2019. — 171 с.
2. Аширов Д.А. Управление персоналом (3-е изд.). — М.: ТК Велби, 2018. – 510с.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі (04.09.2022 ж. жасалынған өзгерістермен)
4. Мумладзе Р.Г. Экономика и социология труда (для бакалавров) / Р.Г. Мумладзе; Под ред. Г.Н. Гужина. - М.: КноРус, 2018. - 352 с.
5. Одегов Ю.Г. Экономика труда: Учебник и практикум для академического бакалавриата / Ю.Г. Одегов, Г.Г. Руденко. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 423 с.
6. Сабирова Л.Т., Стукен Т.Ю. Внутрифирменная политика оплаты труда: теория и современная практика: монография [Текст]// Л.Т. Сабирова Т.Ю. Стукен, -М.: ОмГУ 2011-145 с.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

***Қайранбеков Бауржан Окташевич**
Экономика факультеті «Есеп және
талдау» кафедрасының доценті э.ғ.к.,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті Қазақстан*

***Түйіндемe.** Бұл мақалада инвестиция тартудың жолдары, олардың әлсіз немесе күшті жақтарын қарастыра отырып, оның экономикалық тиімділігін арттыруға баға берілген.*

***Кілт сөздері:** экономикалық тиімділікті алудың критерилері, экономикалық тиімділіктің көрсеткіші, Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері, инвестицияның тиімділігін жіктеу.*

ОЦЕНКА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИНВЕСТИЦИЙ

***Қайранбеков Бауржан Окташевич**
к.э.н., доцент кафедры «Учет и анализ»
экономического факультета
Евразийский Национальный Университет
им.Л.Н.Гумилев Казахстан*

Аннотация. В данной статье оцениваются способы привлечения инвестиций, учитывая их слабые и сильные стороны, и оценивая их экономическую эффективность.

Ключевые слова: критерии получения экономической эффективности, показатель экономической эффективности, методы оценки эффективности инвестиционных проектов, классификация эффективности инвестиций.

ASSESSMENT OF ECONOMIC EFFICIENCY OF INVESTMENTS

Kairanbekov Baurzhan Oktashevich

candidate of economic sciences, Associate Professor of the Department "Accounting and Auditing" profile Faculty of Economics

*L.N.Gumilyov Eurasian National University
Kazakhstan*

Annotation. This article evaluates ways to attract investment, taking into account their strengths and weaknesses, and evaluating their cost-effectiveness.

Keywords: criteria for obtaining economic efficiency, indicator of economic efficiency, methods for evaluating the effectiveness of investment projects, classification of investment efficiency.

Ең алдымен, жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек.

Геологиялық ақпарат туралы бірінғай мәліметтер банкін құру жұмысын аяқтау қажет.

Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын.

Былтыр менің тапсырмам бойынша барлық арнайы экономикалық аймақтың тиімділігі бағаланды. Соның нәтижесінде түйткілді тұстарды анықтап, тың тәсілдерді ойластырдық. Енді арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде басқа саясатқа көшкен жөн.

Қазіргі таңда шетел компаниялары Қазақстанға көше бастады. Сондықтан, бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр.

Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Неғұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет. Жұмыс істейтін саласы негізгі бағыт болмаса да, маңызды индустриялық жобаларды жүзеге асыратын инвесторлар баро. Оларға салық және кеден жеңілдіктерін ұсынбай-ақ, жер телімдерін беруге болады.

Барлық инвестициялық міндеттемесін адал орындайтын кәсіпорындар да бар. Оларға арнайы экономикалық аймақтан жер телімін жеке меншікке беру мәселесін шешу қажет. Жалпы, инвестиция тарту жұмысын жүйелі жүргізу керек. Бұл –Үкіметтің алдында тұрған басты міндеттің бірі – деп, атап өтті ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаев.[1].

Нарыққа өту кезеңінде әсіресе нарықтық жағдайда инвестицияның экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін пайдалану, теория мен практикада оларды анықтап отыру үлкен рөл атқарады. Олардың негізінде инвестицияны пайдаланудан болған шығындардан экономикалық тиімділікті алудың критерилері жатады. Бұрынғы жоспарлы экономика жағдайында, “Күрделі салымның экономикалық тиімділігін анықтаудың типтік әдістемесін” қабылдағанға дейін, бізге белгілі, бұндай салым тиімділігі өнімнің өзіндік құнын төмендету есебінен алынған үнемнің шығандарға қатынасымен сипатталған және келесі формуламен есептелінген: $T_{кс} = (\Theta Q_1 - \Theta Q_2) : ҚКС$, бұл жерде, $T_{кс}$ – күрделі салым тиімділігінің көрсеткіші; ΘQ_1 - күрделі салымды салғанға дейінгі жылдық өнімнің өзіндік құны; ΘQ_2 – күрделі салымды салғаннан кейін жылдық өнімнің толық өзіндік құны; $ҚКС$ – қосымша күрделі салымдар. Халықшаруашылығы бойынша күрделі салымның экономикалық тиімділігінің жалпылама (абсолюттік) көрсеткіші мына формуламен есептеледі: $\text{Экс} = \text{АД} : \text{К}$, бұл жерде : Экс – күрделі салымның экономикалық тиімділігінің жалпылама (абсолюттік) көрсеткіші; АД – салыстырмалы бағадағы жылдық ұлттық табыс

көлемінің өсу қарқыны; K – ұлттық табыстың өсу қарқынын қамтамасыз еткен күрделі салым. Бұл көрсеткіштің өткен формуладан айырмашылығы экономикалық тиімділіктің барлық негізгі түрлерін жинақтап көрсетеді, атап айтқанда: өзіндік құнның төмендеуін, сапаның жоғарлауын және өнімнің ұлғайып өсуін де сипаттайды. Инвестицияны ауқымды пайдалану өткен кезеңде болсын, сол сияқты жаңа нарықтық жағдайда болсын шаруашылық жүргізуде инвестицияның салыстырмалы экономикалық тиімділігінің көрсеткішін қодану аса өзекті болып табылады. Ол келесі формула мен анықталады: $\Theta K_i + E_n + K_i$, бұл жерде: ΘK_i – варианттар бойынша ағымдағы шығындар (өзіндік құн); $25 E_n$ – инвестицияның салыстырмалы экономикалық тиімділігінің нормативтік коэффициенті; K_i – варианттар бойынша күрделі салым мөлшері (ΘK_i –ге сәйкес.) Бұл формула бойынша барлық қарастырылған варианттар ішінен нәтижесі минимальді (ең азы) болғаны жақсы болып табылады, яғни шыққан шығын сомасының ең азы болғаны дұрыс. Көрсетілген шығындарды мына формула бойынша есептеп шығаруға болады: $K_i + T_n + C_i$, бұл жерде: T_n – инвестициялық шығындар қайтарымдылығының нормативтік мерзімі, ал қалған көрсеткіштері жоғарыда келтірілген формулада көрсетілген. Инвестициялық жоба тиімділігінің жалпылама негізгі критерилері ең көп пайда, еңбек шығынының ең азы, мақсатқа жетудегі ең аз уақыт, өнім сапасы және басқа көрсеткіштердің болулары мүмкін. Бұл критерилер басты аспектілерді пайдалану жағдайын көрсету мен бейнелеуге қажетті және бұған оларды қатыстыру тиісті болып табылады. Көптігіне қарамастан, оларды мынадай негізгі 4-топтауға біріктіруге болады: 1) қаржы – экономикалық; 2) ресурстық; 3) нормативтік; 4) басқалары. Қаржы-экономикалық топтамаға: инвестициялық жобаның бағасы, таза ағымдық баға, пайда, рентабельдігі (инвестициялық қайтарым), қайтарымдылық мерзімі және басқалары. Нормативтік өлшем өзіне мыналарды біріктіреді: құқықтық критерияны (ұлттық және халықаралық құқық нормалары), қолданыстағы стандарттар талаптары, патенттік қабілеттілік және басқада жағдайлар мен интеллектуальды меншік құқығын сақтау. Бұл аталғандардың біреуін сақтамау қандай да тиімді жобаның орындалмауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Ресурстық өлшем, бұл сәйкес біліктілігі мен профилі бар адамдар ресурстық потенциал, ғылыми-техникалық бастама, өндірістік ресурстар (сәйкес қуаттылық, қондырғылар, материалдар), технологиялық варианттар, көлемдер және қаржылық ресурстар. Басқадай өлшемдерге: жобалауды аяқтаудың мерзімдік болжамы, нарыққа шығу және онда орнығу, инвестицияның белгіленген қайтарымдылығы мен рентабельділігіне жету жолдары. Инвестициялық жобаларды бағалау кезінде елдегі саяси және әлеуметтік жағдайларды есепке алу қажет және олардың өзгеруінде (мүмкін болатын) өзгерістерді ескеру керек.

Инвестициялық жобалаудың тиімділігін бағалау әдістері түрлі шаралар мен нысандарға ұзақ мерзімге капитал салымын жасаудың, әрі олардың 26 қайтарымдылық болашағы мен пайдалық жеткіліктілігін бағалау мақсатында, осылардың тиімділігін анықтау жолдары болып табылады.

Инвестициялық жобалардың альтернативті варианттарын қарастыра отырып, оның ішінен ең жақсысын таңдап алу үшін тыңғылықты талдауды қажет етеді.

Инвестициялық жобаларды бағалау өлшемі мен әдістерін талдау кезінде осы жобаның ерекшелігін, ондағы көрсетілген инновацияны, саланың түрін (типін) және қарастырылып отырған жобаға оң немесе теріс әсерін тигізетін басқада факторларды ескеру қажет болып табылады.

Шетелде де, қазір біздің елімізде де аса жиі қолданылатын 5 негізгі әдістер бар, оларды шартты түрде 2 топқа біріктіруге болады. Оның 1-ші тобына дисконттық концепция қодануға негізделген екі әдістеме кіреді: 1) таза ағымдық бағаны анықтау әдісі; 2) инвестиция рентабельділігі мен пайданың ішкі нормасын есептеу әдісі. 2-ші топтамаға 3 әдістемелер енеді, яғни дисконттық концепцияны қолдануды қарастырмайтын қарапайым немесе дәстүрлі деп аталатын әдістер: 1) қайтарымдылық мерзімін есептеу әдісі; 2) пайданың орташа (есептік, жобалық немесе жылдық) нормасын есептеу әдісі, кейбір

кездерде оны инвестицияның бухгалтерлік тиімділігін (рентабельділігін) анықтау әдісі деп те атайды; 3) зиянсыздық нүктесін табу әдісі болып табылады.

Шаруашылықтың нарықтық жағдайында көбінде тәжірибеде жіктеу бойынша инвестиция тиімділігін үш түрге бөледі: 1) экономикалық; 2) коммерциялық; 3) бюджеттік. Осылардың қысқаша мазмұнына тоқталып өтейік. Экономикалық тиімділіктің бұл түрі инвестициялық үдерісті ұйымдастырумен жүзеге асыруда болатын шығындарымен нәтижесі есепке алынады. Бұл жерде тиімділік көрсеткіштері нақтылы инвестициялық жобаға қатысушылардың қызығу шегінен тысқа шығып, оны қаржылық бағалауды қажет етеді.

Мысалы, әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқадай сипаттардағы шығындарға құндық баға беруге болады және экономикалық тиімділікке сәйкес деңгейінде бұны қосымша көрсеткіш түрінде қарастырып, инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша және мемлекет тарапынан қолдау көрсету туралы шешім қабылдау үдерісінде ескеру қажет.

Экономикалық тиімділік көрсеткіштерінде инвестициялық үдерісті ұйымдастырумен жүзеге асыруға қатысушылардың әрбірінің және бүтіндей қоғам қызығушылықтары көрініс табуға тиіс.

Бүкіл әлемдік банктік экономикалық даму Институтының тізбектілігі бойынша инвестициялық жобаны экономикалық талдау барлық басқадай талдау түрлерінің аяқталуы сатысында қарастырылады.

Бұл кездейсоқ жағдай емес, себебі экономикалық бағалау барлық басқа бағалау түрлерінің нәтижесін есептеп, жинақталынған қортынды түрі болып табылады (техникалық, коммерциялық, қаржылық, әлеуметтік, т.б бағалаулар).

Қаржылық шығындар мен инвестициялық жобаны жүзеге асырудан болатын, оның табыстылық нормасын қамтамасыз ететін нәтижелер арасындағы қатынаспен анықталатын тиімділікті комерциялық тиімділік деп атайды. Комерциялық тиімділікті есептеу бүтіндей инвестициялық жоба бойынша жүргізіледі. Сол сияқты әркімнің, осы жобаға салған салымдық үлестерін ескере отырып, әрбір қатысушылар бойынша да осындай есептеу жүргізіледі.

Бюджеттің тиімділік көрсеткіштеріне қатысты айтқан кезде, олардың инвестициялық жобаны жүзеге асырудағы нәтижелері, яғни республикалық және жергілікті бюджеттердің табыстары мен шығындары өздерінің көрінісін табулары керек.

Қарастырылып отырған жобаны қаржылық қолдауды негіздеу кезінде қоданылатын тиімділіктің бұл түріндегі негізгі көрсеткіш келесідей формуламен анықталатын бюджеттік тиімділік (эффект) болып саналады: $BЭt = Dt - Pt$, бұл жерде: $BЭt$ – сәйкес кезеңдегі (t) бюджеттік эффект; $Dt - t$ кезеңіндегі табыс шамасы; $Pt - t$ жылдағы шығындар.

Бюджеттің тиімділік көрсеткішінің табыс жағын (Dt) есептеу кезінде, оған осы инвестициялық жобаны жүзеге асыруға жатқызылатын сәйкес бюджет түсімдерін қосу қажет болып табылады.

Мұндай түсімдерге жерді, суды және басқа табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдер, барлау жұмыстарындағы тендерлік шараларды лицензиялаудан түсетін табыстар, құрылысты жобалау мен нысандарды пайдалануға беруден алатын табыстар, содан соң мемлекетке жататын және осы жобаны қаржыландыру мақсатымен арнаулы шығарылған құнды қағаздар бойынша төленетін дивиденттер, салықтық және ренталық төлемдік түсімдер, кедендік пошлиналар, өндірген өнім бойынша алынатын акциздер және т.б. жатады.

Шығыс бөлігінің құрамына (Pt) осы жобаны тікелей қаржыландыруға бюджеттен бөлінген қаржылар, нарықтық бағаға үстемелер, бюджет есебінен орны толтыратын қарыз қаржылар (несиелер), бекітілген тәртіп бойынша бюджеттен тыс төлемдердің қосылуыда тиісті болып саналады. [2, 24-26 б.] .

Қазақстанда республика аумағында инвестициялық қызметті дамыту бойынша шаралар қабылдануда, құқықтық база қалыптастырылды (Кәсіпкерлік [кодексі](#), "Арнайы

экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Заң, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Кодекс, салық, кеден және жер заңнамасы).

Инвесторлармен ашық және сындарлы диалогты жолға қою арқылы оларды қолдаудың көп деңгейлі инфрақұрылымы жасалды және жұмыс істейді, инвестициялық капиталды тарту үшін ашық, тұрақты және болжамды жағдайлар жасауға ерекше назар аударылады.

Қазақстанда инвесторларды әртүрлі салықтар мен кедендік баждардан босататын 13 арнайы экономикалық аймақ пен 36 индустриялық аймақ жұмыс істейді. АЭА жер учаскесін, орнатылған инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

"Астана" халықаралық қаржы орталығы жұмыс істейді, оның міндеттерінің бірі Англия мен Уэльстің құқық қағидаттарында және халықаралық қаржы орталықтарының стандарттарында ел экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу болып табылады.

Инвесторлардың нақты және жүйелі проблемалы мәселелерін шешу үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі, Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Инвестициялық омбудсменнің функциялары Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жүктелген.

Инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания шетелдік және өңірлік өкілдермен бірге құрылған үш деңгейлі жүйе шеңберінде Үкімет атынан нысаналы трансұлттық компаниялармен және ірі инвесторлармен "бірыңғай келіссөз жүргізуші" функциясын орындайды, сондай-ақ инвестициялық жобаларды идеядан бастап іске асыруға дейін "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтердің толық спектрін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар инвестициялар саласындағы стратегиялық бағдарламалық құжаттарды іске асырудың алдыңғы тәжірибесі және жаһандық бәсекелес ортада болып жатқан өзгерістер инвестицияларды тарту және ұстап қалу саласындағы қолданыстағы жүйе мен мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіру қажеттігін талап етеді.

SWOT-талдау инвестицияларды тарту тиімділігіне әсер ететін мынадай аспектілерді анықталды.

<p>Күшті жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Іске асырылып жатқан мемлекеттік саясат шеңберінде инвестициялар тарту мәселесіне мемлекет тарапынан жоғары назар аударылуда. 2. Қолайлы іскерлік ахуал. 3. Елеулі минералдық-шикізат базасын иеленуінің нәтижесінде елдің жоғары инвестициялық тартымдылығы. 4. ЕАЭО, Орталық Азия, Қытай және Үндістанның ірі тұтыну нарықтарына қолжетімділігі бар Қазақстанның тиімді географиялық жағдайы. 5. Ел экономикасына инвестициялар тартуға 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Инвесторлардың сот жүйесіне деген сенім деңгейінің төмендігі. 2. Мемлекеттік инвестициялар тиімділігінің жеткіліксіздігі. 3. Инвестицияларды тарту және ұстап қалу жөніндегі жұмыс шеңберінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігі жеткіліксіз. 4. Инвесторларды ақпараттық және коммуникациялық қолдаудың жеткіліксіз дамыған жүйесі. 5. Сыртқы инвестицияларды қорғау және ілгерілету жөніндегі саясаттың болмауы. 6. Инвесторлар үшін жеткіліксіз дамыған инфрақұрылым (көлік-логистикалық, өндірістік, инженерлік, сауда инфрақұрылымы). 7. Экономикадағы негізгі қорлар тозуының жоғары деңгейі және соның салдарынан шығасылардың жоғары деңгейі және еңбек өнімділігінің төмендігі. 8. Инвестициялық заңнаманың жетілмегендігі. 9. Заң жобалары мен өзге де реттеу құжаттарын әзірлеу және талқылау процесіне инвесторларды тартудың төмендігі. 10. Инвесторлар үшін валюталық тәуекелдер.
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>Мүмкіндіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Елдегі инвестициялық режимді одан әрі ырықтандыру, әлемдік капитал нарықтарында елдің оң инвестициялық имиджін нығайту. 2. Әлемдік экономика мен Қазақстан экономикасындағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып, қолданыстағы инвестициялық келісімдерді қайта қарау. 3. "Жасыл" экономикаға біртіндеп көшуге және цифрлық технологияларды дамытуға ықпал ететін жобаларды іске асыру. 4. ЕАЭО нарықтарына, атап айтқанда, Ресей мен Орталық Азия елдеріне бағдарланған жобаларды іске асыру. 5. Орнықты даму мақсаттарына сәйкес келетін инвестициялық жобаларға ынталандырудың жекелеген шараларын құру. 6. АХҚО алаңын, оның ішінде оның құқықтары мен инвестициялық дауларды шешу тетіктерін қолдану. 	<p>Қауіптер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Саяси тұрақсыздық салдарынан елдің инвестициялық тартымдылығының төмендеуі. 2. Минералды-шикізат базасының сарқылуы. 3. Елдердің көміртегі бейтараптығына көшуі нәтижесінде Қазақстанның табиғи ресурстарының инвестициялық тартымдылығының төмендеуі. 4. Ішкі инвесторлардың төмен инвестициялық белсенділігі және шетелдік капитал ағынының төмендеуі. 5. Экономика мен инвестиция бағытының құрылымдық теңгерімсіздігі салдарынан экономикадағы жоғары тәуекелдердің сақталуы. 6. Негізгі капиталға инвестициялардың, сондай-ақ ТШИ өсу қарқынының қысқаруы және (немесе) төмен көлемі салдарынан елдің қазіргі бәсекелестік артықшылықтары мен өнеркәсіптік әлеуетін жоғалту. 7. Инвестициялар үшін, оның ішінде көрші елдер тарапынан жаһандық бәсекелестіктің шиеленісуі және соның салдарынан Қазақстаннан шетел инвестицияларының ықтимал кетуі.
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Осы кестедегі талдау бойынша қарастырсақ инвестициялар тартуда әлсіз жақтарын ескеру қажет өйткені оны ескермеген жағдайда инвестиция тарту кезінде қауіпті болуы мүмкін. Сондықтанда инвестиция тартудың күшті жақтарын тиімді пайдалану қажет. Егерде инвестиция тартудың күшті жақтарын дұрыс пайдаланса, ол үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізер еді.

Жалпы алғанда, Еліміздің Үкіметі инвестиция тарту үрдісінің дамуына кері әсер ететін әкімшіліктік және заңнамалық кедергілерді жою жөнінде нақты реформаларға көшу керек. Егерде елімізде заңнамалық әдістері дұрыс жолға қойылса, онда инвесторлардың елімізге көптеп келуіне үлкен жол ашылар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01 қыркүйек 2022 жыл. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
 2. Дабылтаева Н.Е. Инвестицияны қаржыландыру және несиелендіру. Оқу құралы. – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. 103 бет.
- Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі №482 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000482>

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТҰРҒЫСЫНАН БИЗНЕС-ОРТАНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫН БАҒАЛАУ

Кемал Балжан Ыдырысқызы

2 курс магистранты «Экономика» бағыты

«Есеп және аудит» мамандығы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Қазақстан

Андатпа. *Айта кету керек, бүгінде әлемдік ғылыми қоғамдастық Әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу және болашақ ұрпақтың өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз ету арқылы абсолютті экономикалық өсуден бас тартуға бағытталған экономикалық дамудың жаңа жолдарын табуға тырысуда. Осыған байланысты авторлар тұрақты даму мақсаттарын іске асыру және инновациялық белсенділікті арттыру тұрғысынан қаралатын өңірдің бизнес-ортасының инвестициялық тартымдылық факторларын жүйелеуге мүмкіндік беретін әдіснамалық әдісті ұсынды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін пайдалану, біздің ойымызша, аймақты тұрақты даму мақсаттарына жетуге жылжыту бойынша ақылға қонымды уақытша шараларды әзірлеу және іске асыру мәселелерін шешуде теориялық және практикалық тұрғыдан айтарлықтай ілгерілеуге мүмкіндік беретінін атап өту қажет деп санаймыз.*